

Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы. 1993 жылғы 15 қазан Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2003.02.08. N 387 Заңымен.

I БӨЛІМ

Жалпы ережелер

1-бап. Төтенше жағдай Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес республиканың бүкіл аумағында не аумағының бір бөлігінде енгізілетін уақытша шара болып табылады және мемлекеттік өкімет пен басқару органдары қызметінің айрықша құқықтық режимін білдіреді, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, заңды ұйымдардың құқықтарына шек қояды, сондай-ақ оларға қосымша міндеттер жүктейді. Төтенше жағдай тек қана азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және республиканың конституциялық құрылысын қорғау мүддесінде енгізіледі.

2-бап. Төтенше жағдай енгізудің мақсаты жағдайды тезірек тұрақтандыру, заңдылық пен құқық тәртібін қалпына келтіру, сондай-ақ шұғыл құтқару және апат-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жағдай жасау болып табылады.

II БӨЛІМ

Төтенше жағдай енгізу талаптары, негіздері мен тәртібі

3-бап. Төтенше жағдай республика азаматтарының қауіпсіздігіне немесе конституциялық құрылысына нақты қатер төнгенде ғана енгізіледі, бұл қатерді төтенше шаралар қолданбай жою мүмкін болмайды.

4-бап. Осы Заңның 3-бабының талаптарын сақтаған жағдайда төтенше жағдай е н г і з у г е :

а) азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін күштеуді қолдана отырып конституциялық құрылысты өзгерту әрекеттері; жаппай тәртіпсіздіктер мен ұлтаралық жанжалдар; жекелеген жерлерді қоршауға алу; сондай-ақ іргелес мемлекеттердің аумағынан мемлекеттік шекара арқылы жаппай өту;

б) халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау, халық игілігіне келтірілетін зиянды азайту мақсатымен шұғыл құтқару және апат-қалпына келтіру

жұмыстарын жүргізуді қажет ететін табиғи нәубеттер мен экологиялық дағдарыс жағдайлары, жұқпалы аурулар, індеттер, ірі апаттар мен опаттар негіз болады.

Табиғи нәубет немесе кең көлемді техногендік апат нақты қауіп төндірген жағдайда мемлекеттік басқару органдары ұсынған негіздер бойынша да төтенше жағдай енгізілуі мүмкін.

5-бап. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына немесе оның жекелеген жерлеріне төтенше жағдай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесін дереу хабардар ете отырып Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен енгізіледі немесе ұзартылады.

6-бап. Төтенше жағдай енгізу немесе ұзарту туралы құжатта:

а) осы Заңның 3 және 4-баптарының талаптарына сәйкес төтенше жағдай енгізу немесе ұзарту үшін негіз болған жағдайлар;

б) осы Заңның 3-бабының талаптарына сәйкес төтенше жағдай енгізу немесе ұзарту қажеттігінің негіздеулері;

в) төтенше шаралардың тізбегі мен шегі және осы Заңның 17 және 18-баптарының талаптарын сақтай отырып азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды ұйымдардың өкілеттіктерін уақытша шектеулердің мейлінше толық тізбегі;

г) төтенше жағдай режимін жүзеге асыру үшін жауапты мемлекеттік органдар мен осы органдардың төтенше өкілеттігінің айқын шегі;

д) төтенше жағдай енгізілетін немесе ұзартылатын аумақтың шекарасы;

е) құжаттың күшіне ену уақыты, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілетін немесе ұзартылатын дәл мерзімі көрсетіледі.

Төтенше жағдай енгізу туралы құжат күшіне енгенге дейін кем дегенде 6 сағат бұрын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа мәлім етіледі.

7-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдай енгізу туралы Жарлығы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессия жұмыс істеген кезеңде дереу Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бекітуіне берілуі керек. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Жарлықты 48 сағаттан аспайтын мерзімде қарайды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессиялары аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды. Онда Жоғарғы Кеңес төтенше жағдай енгізу туралы Жарлықты қабылданған кезден бастап 72 сағаттан аспайтын мерзімде қарайды. Төтенше жағдай енгізу туралы Жарлық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарланған жағдайда Қазақстан Республикасының халық депутаттары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің мәжілісі өтетін жерге арнаулы шақырусыз мүмкіндігінше қысқа мерзімде келуге міндетті.

8-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен осы Заңның 7-бабымен белгіленген тәртіпте және мерзімде бекітілмеген Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдай енгізу немесе ұзарту туралы Жарлығы күшін жояды. Бұл туралы тиісті аумақтың халқы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарландырылады.

9-бап. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жағдай 3 тәулікке дейін, Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігінде 6 тәулікке дейін мерзімге е н г і з і л е д і .

Осы мерзім өткенде Қазақстан Республикасының Президенті төтенше жағдайдың күшін жояды. Төтенше жағдай енгізуге негіз болған жәйттер жойылмаған кезде Қазақстан Республикасының Президенті оның күшін осы баптың бірінші бөлігімен белгіленген мерзімге бірнеше мәрте ұзартуға қақылы. Төтенше жағдайдың қолданылу мерзімін ұзарту туралы Жарлықты да Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бекітеді.

Қазақстан Республикасының Президенті, егер төтенше жағдай жариялау үшін негіз болған жәйттер жойылса, белгіленген мерзім аяқталғанға дейін оның күшін ж о ю ғ а қ а қ ы л ы .

Төтенше жағдайдың күшін жою немесе ұзарту туралы шешім қабылданған кезден бастап күшіне енеді және дереу жарияланады.

III БӨЛІМ

Төтенше жағдай кезеңінде енгізілетін мемлекеттік басқару түрлері

10-бап. Төтенше жағдай енгізілген аумақта Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен осы Заңға сәйкес басқарудың айрықша түрлері е н г і з і л у і м ү м к і н .

Қазақстан Республикасының жоғары өкілді және атқарушы органдары төтенше жағдай енгізілген аумақта жұмыс істейтін тиісті төменгі органдардың кез-келген шешімінің күшін жоюға қақылы.

Төтенше жағдай талаптарында басқаруды жүзеге асыратын - мемлекеттік органдарға жағдайды тезірек тұрақтандыру, құқық тәртібі мен заңдылықты қалпына келтіру және азаматтардың қауіпсіздігіне төнген қатерді жоюға қажетті шаралар қолдану үшін төтенше өкілеттіктер берілуі мүмкін. Бұл төтенше шаралар, осы Заңның 18-бабында аталған құқықтар мен бостандықтарды қоспағанда, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарды уақытша шектеуді көздеуі мүмкін.

11-бап. Төтенше жағдай енгізуді тудырған жәйттерді жою жөніндегі жұмыстарды үйлестіру үшін, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген аумақтың

атқарушы өкімет органдары өз қызметтерін тиісінше жүзеге асырмаған ретте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен арнаулы уақытша органдар (тиісті аймақтардың комендатуралары) құрылуы мүмкін. Басқарудың айрықша түрлерін енгізу, олардың күшін жою немесе қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған кезден бастап, егер басқа айрықша мәнісі ескертілмесе, күшіне енеді және дереу жария етіледі.

Бұл органдарға төтенше жағдай енгізілген аумақтағы атқарушы өкімет органдарының өкім ету және атқару өкілеттіктері толықтай немесе ішінара беріледі.

Осындай органдардың төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі бұйрықтары мен өкімдері тиісті аумақта міндетті түрде орындауға жатады.

12-бап. Төтенше жағдай енгізілген аумақтардағы барлық атқарушы органдар, кәсіпорындар, мекемелер, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтар тиісті аумақта айрықша басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының өкімдері мен бұйрықтарын орындауға және оларға жан-жақты қолдау жасауға міндетті, Өкімдер мен бұйрықтарды орындамау Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жауапкершілікке әкеліп соғады.

13-бап. Республиканы немесе оның жекелеген аумақтарын басқарудың айрықша түрлерін жүзеге асыратын органдар:

- осы Заңның IV бөлімінде көзделген шараларды қолдануға;
- жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қызметін тоқтата тұруға, олардың қызметін уақытша атқаруға;
- Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына бағынышты аумақтардың мемлекеттік, шаруашылық және әлеуметтік-мәдени дамуы мәселелері бойынша ұсыныстар жасауға;

Қазақстан Республикасының үкіметі белгілеген тәртіпте тиісті жерде орналасқан кез-келген кәсіпорынды, мекеме мен ұйымды өзіне бағынышты етіп енгізуге қақылы.

14-бап. Қоғамдық тәртіпті, азаматтардың өмірін, денсаулығын, қауіпсіздігін, құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, басқа да құқық қорғау органдарының, Республика ұландарының күштері мен құралдары пайдаланылады.

Табиғи және экологиялық нәубеттердің, жұқпалы аурулардың, індеттердің, ірі апаттар мен опаттардың зардаптарын жою үшін халық игілігіне келтірілетін зиянды азайту мақсатында Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының шешімі бойынша республиканың министрліктері мен ведомстволары қатыстырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету және оны енгізуді туғызған оқиғалардың зардаптарын жою үшін Қарулы күштердің әскери бөлімдері мен бөлімшелері қатыстырыла алады.

ЕСКЕРТУ. 14-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.03.12. N 347 Заңымен.

IV БӨЛІМ

Төтенше жағдайда қолданылатын шаралар

15-бап. Осы Заңның 6-бабының "в" тармағына сәйкес төтенше жағдай енгізу туралы Жарлықпен төтенше жағдайда қолданылатын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды ұйымдардың өкілеттіктерін уақытша шектеулердің мейлінше толық тізбегін қоса алғанда, төтенше шаралардың тізбегі мен шегі белгіленеді.

Төтенше жағдай кезеңіне мынадай шаралар белгіленуі мүмкін:

- а) төтенше жағдай енгізілген аумақта келіп-кетудің, сондай-ақ онда жүріп-тұру бостандығын шектеудің айрықша режимі;
- б) қоғамдық тәртіп пен халықтың өмір сүруін қамтамасыз ететін объектілерді қорғауды күшейту;
- в) жиналыстар, митингілер, көше шерулері мен демонстрациялар, сондай-ақ бұқаралық шаралар өткізуге тыйым салу;
- г) ереуілдерге тыйым салу;
- д) көлік құралдарының қозғалысын шектеу және оларды тексеру.

16-бап. Төтенше жағдай енгізілген ретте төтенше жағдайда басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мынадай қосымша шаралар қабылдауы мүмкін:

- а) коменданттық сағат, яғни тәуліктің белгіленген уақытында арнайы берілген рұқсат қағаздары мен жеке басын куәландыратын құжаттарсыз көшелерде және басқа қоғамдық орындарда болуға тыйым салу;
- б) баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығын шектеу; төтенше жағдай жойылғанға дейін баспа өніміне, дыбыс күшейткіш техникалық құралдар мен көбейту аппаратураларына уақытша тыйым салуға жол беріледі;
- в) тиіс ескертуден кейін жағдайды тұрақтандыруға бөгет жасайтын саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық қозғалыстардың қызметін тоқтата тұру;
- г) құжаттарды тексеру, ал ерекше жағдайларда, азаматтардың қолында қару бар екендігі туралы деректер болса, жеке адамды тексеру, мүліктерін, тұрғын үйі мен көлік құралдарын тексеру; қару, спирт ішімдіктерін сатуға тыйым салу, азаматтардың оқ ататын, газ

және суық қару мен оқ дәрілерін, ал кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан сондай-ақ техникалық құралдарды уақытша алу;

е) белгілі бір жердің тұрғындары болып табылмайтын қоғамдық тәртіп бұзушыларды олардың түпкілікті тұратын жеріне немесе төтенше жағдай енгізілген аумақтан тыс жерге аластау;

ж) тұруға қауіпті аудандардан азаматтарды уақытша қоныс аудару (көшіру), міндетті түрде оларға тұрақты немесе уақытша тұрғын үй немесе баспанасын беру ;

з) тамақ өнімдері мен ең қажетті заттарды бөлудің айрықша тәртібін енгізу;

и) карантин орнату және басқа санитарлық-жұқпалы ауруларға қарсы шаралар жүргізу ;

к) меншік түріне қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ресурстарын жұмылдыру, олардың жұмыс тәртібін өзгерту, төтенше жағдай уақытында қажетті өнім шығаруға қайта бағдарлау, құтқару және басқа жұмыстар жүргізу үшін қажетті өндірістік қызметтің басқа да өзгерістері;

л) мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары өз міндеттерін тиісінше атқармаған жағдайда оларды төтенше жағдай кезеңінде жұмыстан босату және аталған қызметтерді уақытша атқаруға басқа адамдарды тағайындау ;

м) апат-құтқару жұмыстарын шұғыл жүргізу қажеттігіне байланысты ерекше жағдайларда еңбек қабілеті бар халықты құтқару жұмыстары құрамаларына және азаматтардың көлік құралдарын аталған жұмыстарды жүргізу үшін жұмылдыруға жол беріледі.

V БӨЛІМ

Төтенше жағдайда азаматтар мен лауазымды адамдар құқықтарының кепілдіктері және жауапкершіліктері

17-бап. Төтенше жағдайда қолданылатын шаралар мен атқарушы өкімет пен басқару органдарының Заңда белгіленген өкілеттіктерін, қоғамдық бірлестіктердің құқықтарын, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін өзгерту қалыптасқан қиын-қыстау жағдай талап ететін шекте жүзеге асырылуға тиіс.

Осындай шараларды республика аумағының бір бөлігінде қолдану республика аумағында қолданылатын адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелерге қайшы келмеуі керек және атқарушы өкімет пен басқару органдарының өкілеттіктерін, қоғамдық

бірлестіктердің құқықтарын сондай-ақ басқа жерлердегі, сонымен бірге жалпы республикадағы азаматтардың құқықтары мен міндеттерін өзгертуге әкеліп соқпайды.

18-бап. Төтенше жағдай кезеңінде азаматтардың Қазақстан Республикасы Конституциясының 8, 9, 12, 22-баптарында, 33-бабының 5 бөлігінде, 35, 36, 39, 41-баптарында көзделген құқықтары мен бостандықтары: өмір сүру құқығы, абыройы мен қадір-қасиеті, ар-ождан бостандығы, тұрғын үй құқығы, қажетті қорғаныс құқығы, сотта қорғану құқығы шектеле алмайды.

Ешкім де азаптауға, қатыгездік немесе қадір-қасиетін қорлайтындай әрекетке және жазалауға ұшырамауға тиіс.

19-бап. Ішкі істер органдары, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, басқа құқық қорғау органдары мен республикалық ұландар қаруланған күштерді, арнаулы құралдар мен оқ ататын қаруды қолдану тәртібі мен жағдайлары Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі және төтенше жағдайларда өзгертілмейді.

20-бап. Коменданттық сағат ережелерін бұзған азаматтарды құқық тәртібін қорғау күштері коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал өзімен бірге құжаты жоқ адамдарды олардың жеке басын анықтағанға дейін, бірақ коменданттық сағат мерзімі аяқталғаннан кешіктірмей, ұстайды; ұсталған адамдар мен олардың қолдарындағы заттары тексеріледі.

Төтенше жағдай режимінің белгіленген талаптарын бұзу; құқық тәртібін бұзуға итермелейтін немесе ұлттық және діни араздықты қоздыратын әрекеттер; ішкі істер органы қызметкерінің немесе қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызмет міндетін немесе қоғамдық борышын орындаушы басқа адамдардың заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбау, не төтенше жағдай жарияланған жерлерде жасалған әкімшілік құқық бұзушылыққа жататын басқа әрекеттер 3 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Аталған құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша хаттаманы ішкі істер органдарының немесе жекелеген жерлер комендатурасының қызметкерлері жасайды.

21-бап. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін қабылданған құжаттар бұл жөнінде арнаулы хабарландырусыз-ақ төтенше жағдайдың тоқталуымен бірге күшін жояды. Төтенше жағдайдың күшін жою төтенше жағдай режимін бұзуына байланысты әкімшілік қамауға алынған адамдарды дереу босата отырып төтенше жағдай режимін бұзу туралы істерді қарауды тоқтатуға әкеліп соғады.

22-бап. Төтенше жағдайлар кезінде не олардың алдын алу немесе жою жөніндегі жұмыстарды жүргізумен байланысты зардап шеккен азаматтарға тиісті мемлекеттік органдар, сондай-ақ кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар тұрғын үй береді, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтірілген материалдық зиянды

өтейді, жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі және басқа да қажетті көмек көрсетеді.

23-бап. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілердің күшті заңсыз қолдануы, азаматтардың осы Заңмен белгіленген құқық кепілдіктерін бұзуды қоса алғанда лауазымды адамдардың қызмет өкілеттігін асыра пайдалануы, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңына сәйкес жауапкершілік жүктейді.

24-бап. Төтенше жағдай енгізілген аумақта сот төрелігін Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес құрылған соттар ғана жүзеге асырады.

Соттарда сот ісін жүргізу төтенше жағдай жарияланған кезде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі. Сот ісін жүргізудің төтенше түрлерін енгізуге жол берілмейді.

Төтенше жағдай күшінде болған аумақта Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының шешімімен қылмыстық және азаматтық істердің аумақтық соттауға жататындығы өзгертілуі мүмкін.

VI БӨЛІМ

Қорытынды Ережелер

25-бап. Төтенше жағдай енгізу туралы жарлықты бекіткен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бүкіл төтенше жағдайдың бүкіл кезеңінде осы Заңның сақталуына бақылау жасайды.

26-бап. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше жағдай күшінде болған кезеңде Қазақстан Республикасының Конституциясын, сайлау заңдары мен сот ісін жүргізу заңдарын өзгертуге жол берілмейді, референдумдар мен сайлаулар өткізілмейді.

27-бап. Төтенше жағдай енгізуді туғызған жәйттердің себептері мен зардаптарын жою үшін қажетті жұмыстарды қаржыландыру тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті